




Қазақстан Республикасының Білім және Ғылым
Министрлігі

Инновациялық технологияларды білім беруде пайдалану

Орындаған: 6М011600 география
1 курс магистранты Құмарбекұлы Санат

The background of the slide features a light blue gradient with a faint, semi-transparent image of classical architectural columns on the left side. The columns are white with detailed capitals and are arranged in a perspective view, receding into the distance.

***Педагогикалық технологиялар –
оқыту үдерісін жобалау,
ұйымдастыру және өткізудің
ойластырылған моделі***

В.М.Монахов

Жоғары сыныптарда қолдануға болатын тиімді технологиялар

Өздігінен даму
технологиясы

Модульдік оқыту
технологиясы

**Бағдарлап
оқыту*

Оқытудың
компьютерлік
технологиясы

Ынтымақтас-
тық
педагогикасы

Сын
тұрғысынан
ойлау

Орта сыныптардағы тиімді технологиялар

*Түсіндіре оза оқу
технологиясы*

**Дамыта
оқыту*

*Тірек сигналы
арқылы оқыту*

**Модульдік
оқыту
технологиясы*

*Проблемалық
оқыту*

*Сын
тұрғысынан
ойлау*

Бастауыш сыныптардағы тиімді технологиялар

***Дамыта оқыту**

***Ойын арқылы оқыту**

***Білім беруді ізгілендіру**

Түсіндіре оза оқыту

Ақпаратты оқыту

Зерттеу технологиясы

Көрнекілік технологиясы**

Бағдарламалап оқыту технологиясы

(Б. Скипер, Н: Крауер, В.П Беспалько)

- Ғылыми негізде түзілген бағдарлама негізінде оқытудың тиімділігін арттыру, баланың жеке қасиеттерін ескере отырып оқыту. Мұнда оқыту құралдарының көмегімен бағдарламаланған оқу материалдары кадр, файл сияқты оқыту бөлігі арқылы логикалық бірізділікпен берілген.

Ойын арқылы оқыту технологиясы

- Дидактикалық, тәрбиелік, дамытушылық, әлеуметтендірушілік мақсатқа жету. Ойындық іс-әрекеттің психологиялық механизмі жеке бастың өзіндік талап-талғамдарына сүйенеді. Баланың бойындағы білімдік, танымдық, шығармашылық қасиеттерін аша түсуді көздейді.

Дамыта оқыту технологиясы

(Д.С. Высотский, Л.В. Занков, Д.Б. Эльконин, В.В. Давыдов).

Баланы оқыта отырып, жалпы дамыту.

Даму нәтижесінде әр оқушы өзін-өзі үйренуші субъект дәрежесіне көтерілуі көзделеді.

Оқыту дамытудың алдында жүруі керек, дидактикалық құралдардың дамуға әсері зор. Дамытудың тиімділігі үшін: кешенді даму жүйесі негізінде мақсатты даму, мазмұнның жүйелілігі мен тұтастығы, теориялық білімнің жетекші ролі, жоғарғы қиындық деңгейінде оқыту, материалды меңгеруде жедел ілгерілеу, оқу үдерісін баланың сезінуі, оқыту үдерісінің әртүрлілігі, жекелеп оқыту барлық баланың дамуы жолындағы болуы керек.

Түсіндіре оза оқыту технологиясы

(С.Н. Лысенкова)

Барлық баланы табысты оқыту. Оқу материалдардың бірізділігі, жүйелілігі, саралау, әр оқушыға берілетін тапсырманың қолайлығы; бағдарламаның, кейбір тақырыптарда біртіндеп ойнату әдісін қолдану. Сабақты пысықтауға: әуелі озаттар, сосын ортаншылар, ең соңынан нашар оқушылар қатыстырылады; бірте-бірте толық дербестікке жету; сыныпта қалыпты жағдай қалыптастыру, түсіністік өзара көмек, ынтымақтастық қарым-қатынас; оқушының қателігін ескерту, бірақ жазғырмау; үй тапсырмасын тек оқушының мүмкіндігіне қарай беру; білім, білік дағдыны дамыта меңгерту; түсіндіру.

Өздігінен даму технологиясы

(М. Монтесорри).

Баланы жан-жақты дамыту, дербестікке тәрбиелеу, бала санасында нәрселер әлемі мен ойлау әрекетінің бірігуі.

Оқыту баланың дамуына сәйкес табиғи (жасанды емес) болуы керек, сонда бала өзін-өзі дамытады.

Монтесорри педагогиканың ұраны - баланың мұғалімге:

“мынаны менің өзімнің жасауыма көмектесіп жіберіңізші” деуіне жетуді көздейді.

Ынтымақтастық педагогикасы

Талап ету педагогикасынан қарым-қатынас педагогикасына көшу.

мұғалім

Оқушы

оқушы

мұғалім

субъект

т

субъект

Оқу мен жазу арқылы сын тұрғысынан ойлауды дамыту

(Л. Джинна Стил, С. Куртик Мередит, Чарльз, Тэмпл).

Оқыту мен үйретудің моделі:

қызығушылықты ояту,

мағынаны тану,

ой толғаныс -

бұл сабақтағы аса қажетті мәнді,
маңызды әрекет болып табылады. Осы сабақ кезінде
үйренуші не үйренгенін саралап, салмақтап, оны қандай
жағдайда, қалай қолдану керектігін ой елегінен өткізеді.
Белсенді түрде өзінің білім үйрену жолына қайта қарап,
өзгерістер енгізеді.

Проблемалық оқыту технологиясы

- оқушыны өз бетімен ізденуге үйрету, олардың танымдық және шығармашылық икемділіктерін дамыту
- оқушының белсенділігін анықтау;
- оқу материалында баланы қызықтыратындай мәселе туғызу;
- оқушы материалды сезім мүшелері арқылы ғана қабылдап қоймайды, білімге деген қажеттілігін қанағаттандыру мақсатында меңгереді;
- оқытудың бала өмірімен, еңбегімен байланыстығы.

Оқытудың компьютерлік технологиясы

Ақпаратпен жұмыс істей білуді қалыптастыруды және қатынас қабілетін дамыту, жеке басты “ақпараттық қоғамға” даярлау. Мұнда оқыту оқушының тікелей компьютермен қатынасы арқылы орындалады.

Яғни баланың жеке қасиетіне қарай компьютерге бейімделуі, т.б.

Модульдік оқыту технологиясы

(В.М. Монахов)


Оқытудың тұтас технологиясын жобалау, алға қойған мақсатқа жетуді көздейтін педагогикалық үрдіс түзу, мұғалімге нәтижені талдап, түсіндіріп бере алатындай жүйені таңдау және құру.

Жобаланған технологияны іске асыратын жаңа тәсіл қалыптастыру.

Технология жобасындағы негізгі объект – оқу тақырыптары, дидактикалық модуль.

Оқушылар әр сатыға жоғарылаған сайын олардың білімді қабылдауы өзгеріп, өтілетін пәндер жүйесі күрделене түседі.

Мұнда оқушылардың жас ерекшеліктері, әр сатыдағы қабылдау мүмкіндіктері ескеріледі.



Оза оқыту технологиясында (Н.С.Лысенкова) грамматикалық ұғым, түсініктер тірек сызбаларды пайдалану арқылы блок бойынша оза оқытылады. Тірек сызбалардың проблемаларды шешу құзыреттілігін қалыптастыруда үлкен рөлі бар. Өйткені, мұндай сызбалар арқылы тілдік категориялардың ұқсастығын, айырмашылығын, өзіндік ерекшеліктерін салыстырып көрсетуге болады.

Сызбаларда көбінесе дерексіз байланыстар мен қатынастар көрсетіледі. Мәселен, тірек сызба бойынша сөйлем құрастыруға, сөйлемдегі сөздердің байланысын көрсетуге болады. Тірек сызбалар дербестікті дамыту үшін де қолданылады.

Жеке тұлғаға бағдарланған технологияда (Хуторской А.В.)

оқу- тәрбие процесінде балалардың жеке ерекшеліктерін ескеру,
әр білім алушының оқу тапсырмаларын орындауына қолайлы жағдай жасау көзделеді.

Аталған технологияның негізгі ұстанымдары төмендегідей:

- *жеке тұлғаның өзіндік ерекшелігін ескеру ұстанымы* (әрбір шәкіртті өзіндік ерекшеліктері мен қабылдау мүмкіндіктеріне сай оқыту);
- *білім беру траекториясын таңдау еркіндігі ұстанымы* (міндетті білім беру деңгейінен төмен болмауы тиіс);
- *оқытудың жағдаяттылығы ұстанымы* (құзыреттілікке бағдарланған тапсырмаларды орындауға тілдік жағдай туғызу).

Жеке тұлғаға бағдарланған технология бойынша оқыту мазмұнының әдістері мен тәсілдерін таңдауға төмендегідей талаптар қойылады:

қарым-қатынастық әрекет; шығармашылық әрекет;

баланың жеке дамуын қолдау; баланың өзіндік және шығармашылық әрекетін дамыту.

Бұл технологияны іске асыру екі жолмен жүзеге асырылады:

- 1) сыныпты дифференциациялау арқылы «жоғары-орташа-төмен» топтарға бөлу және оқу материалын күрделілік деңгейіне байланысты іріктеу;
- 2) білім траекториясын өзіндік мүмкіндіктеріне ыңғайлау.

Мұны жүзеге асыру оқытудың ерекше шарттарын қажет етеді:

әр түрлі мазмұн мен көлемдегі білім нәтижелерін әкелетін әрбір білім алушының жеке білім траекторияларын таңдау.

Оқу әрекеті арқылы үйретуші (мұғалім),
үйренуші (білім алушы) рөлін өзгертуге ықпал ететін белсенді
оқыту технологиясы

шәкірттерді жаңа білімді өздігінен ізденіп алуына мүмкіндік
жасайды.

Бұл үшін сабақта төмендегі мәселелерге баса назар аударған жөн:

- сабақ құрылымының икемділігі;
- оқығаны бойынша пікірталастың болуы;
- дидактикалық ойындар;
- интенсивті өзіндік әрекет;
- тілдік бірліктерді салыстыруды, топтауды, жүйелеуді және
тілдік құбылыстар заңдылықтарын дәйектеуді ұйымдастыруы;
- білім алушының белсенділік көрсетуіне мүмкіндік беретін
педагогикалық жағдаяттарды құруы.

Саралап (деңгейлеп) оқыту технологиясының

психологиялық негізі болып
табылатын теория –

Л.С.Выготскийдің “оқыту процесінде білім алушының ақыл-ойының дамуы
“актуальді даму” аймағынан “жақын арадағы даму” аймағына ауысу “
теориясы.

Бұл ауысу тапсырмаларды қайталап орындауға арналған
1-деңгейден өнімді іс-әрекетті қажет ететін жоғары деңгейлерге ауысу
негізіндегі іс-әрекет арқылы жүзеге асады.

Осындай іс-әрекет деңгейлері арқылы білім алушылар
оқу материалдарын әр түрлі деңгейде қабылдайды.

В.П. Беспалько бұл деңгейлерді төртке бөледі:

бірінші деңгей-“міндетті, білім алушылық”,

екінші – алгоритмдік,

үшінші – эвристикалық және

төртінші – шығармашылық деңгейлердегі қабылдау.

1 – деңгей

Бұл деңгей әрбір тақырыптың ең негізгі де, басты қарапайым мазмұнын ашып, сол тақырыптың білуге міндетті тұтас бейнесін береді.

1 – деңгей базалық деңгей ретінде қабылданған. Бұл міндетті деңгей болғандықтан барлық білім алушы тапсырманы толық орындауы тиіс.

2 – деңгей

Қосымша мәліметтер алғашқы деңгейде алған білімді одан әрі кеңейтіп, тиянақтайды, негізгі мазмұнын нақтылайды, ұғымдардың не үшін, қалай қолданылатынын көрсетеді. Бұл деңгейде өтіп кеткен материалды білім алушы талдап, бұрынғы тапсырмаларға ұқсас орындайды. Бірақ бұларды орындау үшін алған білімдерін түрлендіріп пайдалану керек.

3 – деңгей

Өз бетінше жұмысты қалыптастыру мақсатында білім алушылар жаңа тақырып бойынша меңгерген қарапайым білімдерін жетілдіріп тереңдетеді.

Жаңа білімді талдау, жинақтау, салыстыру арқылы меңгеруіне, қорытындылай білуіне жол ашылады. Бұл деңгейде ребус, сөзжұмбақ, анаграмма құрастырады.

4 – деңгей

Бұл деңгейде берілген тақырып бойынша өз бетімен жұмыс істеуге дағдыланады. Реферат, баяндама, өлең, жұмбақ, жаңылтпаш құрастыру тапсырмалары беріледі.

Деңгейлеп оқыту, **біріншіден**, білім алушының жеке қабілетін анықтауға, **екіншіден**, білім алушылардың бір-бірінен қалмауына мүмкіндік берсе, **үшіншіден**, әр білім алушы өздігінен жұмыс істеуге дағдыланады, **төртіншіден**, әр білім алушы өз деңгейімен бағаланады.

Оқытуды ізгілендіру технологиясы -

(Таубаева Ш.Т.,Апатова Н.В.)

шәкірттердің рухани дамуын (қазақ тілінің мәдени-этникалық лексикасын, сөйлеу әдебі ерекшеліктерін, жағдаяттық қарым-қатынасты игеру), жеке тұлға ретінде қалыптасуын жүзеге асыруға бағытталады.

Мысалы, 2-сынып Қазақ тілі сабағында

“Сөйлеу мәдениеті” тақырыбын өту барысында

“Телефонмен әңгіме” ойынында телефонмен

сөйлесу мәдениетін үйрету мақсат етіліп,

кім сыпайы әрі ұтқыр екенін бағалау көзделеді.

Білім алушылардың өздеріне қай жұптың сөйлеу мәнері дұрыс шыққанын таптыруға болады.

- **Жеке тұлғаға бағдарланған технологияда** (Хуторской А.В.) оқу-тәрбие процесінде балалардың жеке ерекшеліктерін ескеру, әр білім алушының оқу тапсырмаларын орындауына қолайлы жағдай жасау көзделеді. Аталған технологияның негізгі ұстанымдары төмендегідей:
- - жеке тұлғаның өзіндік ерекшелігін ескеру ұстанымы (әрбір шәкіртті өзіндік ерекшеліктері мен қабылдау мүмкіндіктеріне сай оқыту);
- - білім беру траекториясын таңдау еркіндігі ұстанымы (міндетті білім беру деңгейінен төмен болмауы тиіс);
- - оқытудың жағдаяттылығы ұстанымы (құзыреттілікке бағдарланған тапсырмаларды орындауға тілдік жағдай туғызу).
- Жеке тұлғаға бағдарланған технология бойынша оқыту мазмұнының әдістері мен тәсілдерін таңдауға төмендегідей талаптар қойылады:
- қарым-қатынастық әрекет;
- шығармашылық әрекет;
- баланың жеке дамуын қолдау;
- баланың өзіндік және шығармашылық әрекетін дамыту.
- Бұл технологияны іске асыру екі жолмен жүзеге асырылады: 1)
- сыныпты дифференциациялау арқылы «жоғары-орташа-төмен» топтарға бөлу және оқу материалын күрделілік деңгейіне байланысты іріктеу; 2) білім траекториясын өзіндік мүмкіндіктеріне ыңғайлау. Мұны жүзеге асыру оқытудың ерекше шарттарын қажет етеді: әр түрлі мазмұн мен көлемдегі білім нәтижелерін әкелетін әрбір білім алушының жеке білім траекторияларын таңдау.

В.Ф.Шаталовтың тірек сызба нұсқасы -
өзара байланысты үш деңгейлі әдіс

- Сыныпта тақтаға салынған сызба нұсқа арқылы түсіндіру;
- Әдемі салынған сурет не плакатты көрсету;
- Үйде оқушыға оқулық, дәптер және ата – ана көмегімен сызба нұсқа сыздыру